


Бекітемін : .

Мектеп директоры :  М.К.Кулсарина

Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
2023-2024 оқу жылындағы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Искакова Гүлден Канаттованың
шахмат үйірмесінің іс - жоспары

Жетекшісі : Г.К.Искакова

ТҮСІНІК ХАТ

Шахмат сабағы арқылы жеке тұлғаны жан – жақты етіп қалыптастыру өте күрделі жұмыс, ол жетекші педагогтан шахматқа оқытып қана қоймай жеке тұлғаны тәрбиелеуді және ойлау, іздену қабілетін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, ой еңбегіне тәрбиелеу.

Осы бағдарлама балаларды оқытуды топтарға бөліп оларға теориялық білім беріп қана қоймай практикалық тұрғыда да материалды толық меңгеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама интеграцияланған, сондықтан оқушылардың алған теориялық, практикалық білім – білік дағдыларын, жетістіктері мен кемістіктерін танып білуіне мүмкіндік береді. Ол әртүрлі формада өтуі мүмкін, яғни баяндама, әңгіме, жетекшімен ойнау, әртүрлі шахмат есептері, этюдтері, жарыстар, оқушылар баяндамасы, ойындар түрлерін талдау т.б. Көптеген ойыншылардың ойын тәсілдерімен, жоспарларымен танысу арқылы жүреді.

Мақсаты:

Оқушылардың бос уақыттарын босқа өткізбей оларды шығармашылық ізденімпаздыққа, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу. Ол үшін:

Оқыту арқылы – шахматтың шығу тарихымен таныстыру. Шахмат ойынынан теориялық білім беріп қана қоймай оның ойын ережелерін үйрету, сөйтіп оларды әртүрлі жарыстарға қатынастырып қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелеу арқылы - шахмат ойынын оқып үйретіп қана қоймай, оны сүйе білуге және оның жеке бастың мінез – құлқының қалыптасуына ұстамды және ізденімпаз болуына, ойлау қабілетінің артуына әсер ететіндігіне көзін жеткізу; әртүрлі жағдайларда өзгенің қателіктерін және өзінің қатесін түсіне білуіне, одан дұрыс қорытынды жасауға үйрету; қарсыласты сыйлай білуге үйрету.

Дамыту - жеке тұлғаны ойлау қабілетін арттыру арқылы есте ұстау, барлық жағдайларға көңіл аудара білуге үйрену арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру; дүниеге ойлы қарап, әсемдік тұрмысты танып қана қоймай, өзінің ойлау қабілетін, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру; айналадағы дүниені танымдық қабілет арқылы дұрыс түсіне білу.

Бұл бағдарлама бір жылға арналған, жетісіне бір сағат, барлығы 34 сағатқа жоспарланған. Оқушыларды үш топқа бөліп оқытады: 1- 4 сынып, 5 – 9 сынып, 10 -11 сынып оқушылары. Курсқа қатысқысы келетін барлық оқушылар қабылданады. Алғашқыда шахматпен оның фигураларымен толық танысады, содан соң ойын ережелері және ойнау тәсілдерін үйреніп меңгеруіне қарай топтарға бөлінеді.

Ойынды толық меңгерген топтар көбінесе екінші жылы ойнайтындар болып келеді. Олар ойын жоспарын және тәсілін толық меңгергендер болып есептеледі. Теорияны толық меңгергендер – дебют, меттелшпиль, эндшпиль жағдайларында тәжірибелер жинақтайды. Егерде олар үшінші жыл айналысқандар әдіс – тәсілдерді ойын кезінде жақсы меңгереді және әртүрлі деңгейдегі шахматтармен ойнай алады.

Бағдарламаның міндеттері:

- дүниежүзілік, халықаралық озық педагогикалық тәжірибелер жетістіктерін пайдалана отырып, шахмат ойынын жете меңгерген оны ардақтап, сүйе білетін және әлемдік дәрежеге көтеруге ұмтылатын жан – жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.
 - жасөспірім жеткіншектерде салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, олардың шығармашылық ізденімпаздығын, киялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу.
 - әрбір курс мүшелерімен жеке – жеке жұмыс жүргізу арқылы оларды тез есептеуге жағтықтыру.
 - дүниежүзілік және Отандық шахмат майталмандары – Капабланка, Алехин, Ботвиник, Таль, Смыклов, Корчной, Пепаросян, Спаский, Карпов, Каспаров, Крамник, Ананд, Садвакасов біздің жерлесіміз - Середенко, Кубеновтер т.б. Олардың ойындарымен өмірін үлгі ету арқылы оқушылардың қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттырып, жоғары дәрежелі адамгершілігі мол, дені сау спортшы жеке тұлғаны қалыптастыру.
 - курс мүшелерін мектеп аралық, ауылдық, қалалық, облыстық жарыстарға қатыстыра отырып, жеңімпаздарды анықтап қана қоймай олардың тактикалық және стратегиялық ойын шеберліктерін жетіктіре түсу.
- ә) Тематикалық оқытудың бағдарламасы:

Күтілетін нәтижелер:

- Шахмат ойыны ұлттық ойын түрі ретінде мектеп оқушылары арасында кеңінен таратылады.
- Үйірме мүшелері шахмат ойынына машықтанады, мол тәжірибе жинайды.
- Осы ойын әдістерін үйрету арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасады.
- Дарынды оқушылар іріктеледі.
- Аудандық байқауларға қатысу арқылы бұл ойын бұқаралық сипатқа ие болады.

Нормативтік бөлім
Аптасына 3 сағат, барлығы – 102 сағат

Р/ с	Тақырыптың мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
1.	Шахмат ойынның қысқаша тарихы	3	
2.	Шахмат атаулары ақ кара вертикаль,диоганаль ортасы	3	
3.	Фигураларды бастапқы орналастыру	3	
4.	Жүрістер және фигураларды алу	3	
5.	Слон офицер фигурасымен танысу	3	
6.	Слон офицер ойынға катысуда	3	
7.	Ладья офицерге қарсы	3	
8.	Ферза	3	
9.	Ферза ойынға катысуда	3	
10.	Ферзаның ладья мен офицерге қарсы шабуылы	3	
11.	Ат фигурасымен танысуы	3	
12.	Аттың ойынға катысуы	3	
13.	Аттың ферза,ладья және офицерге қарсы шабуылы	3	
14.	Пешкамен танысу	3	
15.	Пешканың ойынға катысуы	3	
16.	Пешканың ферза,ладья,ат,офицерге қарсы	3	
17.	Король фигурасымен танысу	3	
18.	Корольдың басқа фигураларға қарсы ойыны	3	
19.	Шахмат партиясының максаты	3	
20.	Шах	3	
21.	Мат	3	
22.	Мат қою	3	

23	Тең ойын.Пат	3	
24	Рокировка	3	
25	Аттың жүрістері	3	
26	Аттың пешкаға шабылуы	3	
27	Аттың офицерге шабылуы	3	
28	Бір жүріспен мат қою	3	
29	Екі атты қорғау	3	
30	Пешканы айналдыру	3	
31	Бастапқы орналасуымен барлық фигураларды ойынға қосу	3	
32	Жарыстар	3	
33	Есеп шығару	3	
34	Қайталау	3	

Ақпараттық –әдістемелік бөлім

Шахмат сабағында оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіре отырып, түсіндіру. Оқушылардың шахмат ойын барысында өздерінің уақыттарын тиімді әрі дұрыс пайдалануын ескерту. Шахмат тактасында ақ кара жолақтар горизонталь, вертикаль, диагональ ортасы екен түсіндіру. Ойын кезінде жүрістерін қадағалау және қарсы ойыншыға шабуылды күшейту. Шабылушыға қарсы әдістер қолдану.

Көрнекіліктер: Шахмат тактасы, сағаттар.

Оқушыларға уйге тапсырма беру олардың жас шамасымен сәйкес тапсырламар беріледі.

- Шат беру кезіндегі жүрістер
- Мат қою жүрістерін ойлануы жөнінде
- Ферзаның шабуылы
- Ладьяның шабылуы
- Рокировка жасау әдістері

Пайдаланылатын әдебиеттер:

Мұгалім үшін

1. Шахмат дойбы тоғызкүмалак оқулық кітабы. Авторы: Талап Сұлтанбеков. Алматы 1967
2. Мульдияров В.И. Шахмат уроки мудрой игры –Феникс, 2005
3. Авербах Ю. Билин М. Шахматный самоучитель –М. ФиС, 1970
4. Авербах Ю. Что нужно знать бо әндіпиле М- ФиС, 1979
5. Шахмат оқулығына Авторлары: Қуандық Әлімов, Сергазы Сауықанұлы. Кітап Отандастар Полиграфиясы ЖШС баспаханасында 2002 басылды

Оқушы үшін :

1. Блох М. 1200 комбинаций –М. РППО Росбланкиздат, 1992
2. Бобби Фишер учит играть в шахматы – Киев Здоровья 1991
3. Бондаревский И. Комбинаций в митгельшпиле –М. ФиС 1965
4. Бондаревский И. Учитель играть в шахматы. Л. Лениздат. 1966
5. Бронштейн Д. Самоучитель шахматной игры –ФиС, 1982, 1982